



Сыр бойы

№41 (21116)

19 наурыз, бейсенбі 2026 жыл

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboy.kz
www.instagram.com/syrboy_kz
t.me/syrboy_kz
twitter.com/syrboy

/// АТА ЗАҢ

ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

17 наурыз күні Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ақордада өткен Конституцияны қабылдауға арналған салтанатты жиында сөз сөйлеп, еліміз үшін айрықша мәнге ие тарихи сәттің маңызы туралы айтты.

Салтанатты іс-шараға Премьер-министр Олжас Бектенов, Парламент Сенатының Төрағасы Маулен Өшімбаев, Парламент Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов, Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин, Президент Әкімшілігінің басшысы Айбек Дәдебаев, Үкімет мүшелері, орталық мемлекеттік органдардың жетекшілері, облыс, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының әкімдері, сондай-ақ Конституциялық комиссия мен Жалпыұлттық коалиция мүшелері қатысты.

Құрмет қараулы Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясын салтанатты түрде ортаға алып шыққан соң еліміздің Оңураны орындалды.

Орталық референдум комиссиясының төрағасы Нұрлан Әбдіров жаңа Конституция жобасы бойынша республикалық референдумның қорытындысын жариялады.

Содан кейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының Конституциясына және «2026 жылғы 15 наурызда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясын іске асыру жөніндегі шаралар туралы» Жарлыққа қол қойды.

Салтанатты рәсімнен кейін Мемлекет басшысы сөз сөйледі.

– Бүгін баршаның тарихымыздағы аса маңызды, мән-мағынасы айрықша, ел өмірінде өшпес із қалдыратын оқиғаның куәсі болдымыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде бүкіл халық атынан Ата заңымызға қол қойдым. Сонымен қатар Конституцияны іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлыққа қол қойдым.

Енді Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Ал Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін болды. Еліміздің барша халқына Ата заңымыз құтты болсын дегім келеді! – деді Президент.



Мемлекет басшысы атап өткендей, Конституция – мемлекетіміздің ұзақмерзімді мақсат-мұратын айқындайтын, ұлтымыздың келешек тағдырына тікелей әсер ететін тарихи құжат. Бұл – шын мәнінде Халық Конституциясы. Оның жобасы шамамен екі жыл бұрын пысықтала бастады. Кейін мұқият талқыланып, зерделеніп жазылды.

Конституциямыз – табанды ұжымдық еңбектің нәтижесі.

– Біз бүгін бір ел болып ұлт жылнамасын жана межесіне өттік, түбегейлі өзгерістердің сапасы және мазмұны ерекше бірегей кезеңіне аяқ бастық. Кеше ғана елімізде жалпыхалықтық референдум ойдағдай өтті. Оған жұртшылық жаппай белсене қатысты.

Азаматтарымыз өз таңдауын жасады, халқымыз бір кісідей жаңару мен жаңғыру жолын жақтап дауыс берді. Халқымыз Отанымыздың болашағы үшін өте жауапты сәтте жұмыла еңбек етті, ортақ іске орасан зор үлес қосты. Ұлы Абайдың «Бірлік – ақыға бірлік» деген өсиет сөзі осындай кезде айтылған болса керек.

2-бет

/// ҮКІМЕТ ОТЫРЫСЫ

ҰЛТ ЖЫЛНАМАСЫНДАҒЫ АЙТУЛЫ КЕЗЕҢ

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясының нормаларын іске асыру мәселесі талқыланған Үкімет отырысы өтті. Оған облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев селекторлық режим арқылы қатысты.

Үкімет отырысынан кейін аймақ басшысы жауапты сала басшыларына тапсырма беріп, алдағы міндеттерді айқындады.

– Быыл – еліміз үшін, өңіріміз үшін айрықша мәні бар, тарихи маңызды жыл. Халқымыз ұлт жылнамасындағы жаңа кезеңге қадам басты. Қоғамда жан-жақты талқыланған жаңа Конституцияның жобасына арналған республикалық референдумға Сыр жұртшылығы белсенді қатысты. Ауызбірліктің жоғары үлгісін көрсетіп, 92,89 пайыз көрсеткішпен республикада бірінші орынға шықты. Президентіміздің Әділетті, Қуатты әрі Таза Қазақстанды құру жолында Сыр халқы бірлік бекем екенін тағы да айқын дәлелдеді.

Халық Конституциясы 1 шілдеден бастап ресми түрде өз күшіне енеді. Конституция күнін мемлекеттік мереке ретінде ұлттық деңгейде жыл сайын 15 наурызда атап өтетін боламыз.

Алдағы күндері Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң енгізіледі. Тағы сегіз конституциялық заң мен 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енеді.

Бүгінгі Үкімет отырысында министрлер өз салалары бойынша Конституция нормаларын іске асыру бағыттарын баяндады. Облыстық басқарма басшылары, қала, аудан әкімдері, аумақтық департамент басшылары, салалық министрліктермен бірлесіп жұмыс жасап, тиісті нормативтік құжаттарды, жоспарларды алдырыңыздар.

Қоғамдық даму басқармасы, Президентіміз қол қойған Халық Конституциясы мен Ата Заңымызды іске асыру жөніндегі шаралар туралы Жарлықты халық арасында ақпараттандыру, кеңінен насихаттауда арнайы жұмыс жоспарын әзірленді. Жаңа Конституциямыздың әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түсетінін, ұлтымыздың берік әрі мызғымас тұғырына айналатынын кеңінен насихаттауымыз қажет.

Облыс әкімінің орынбасарлары, өз салаларыңыз бойынша Конституцияның нормаларын іске асыруды бақылауға алып, жұмысты ұйымдастырыңыздар, – деді Н.Нәлібаев.

Жыныда аймақ басшысы жаңғырудың жаңа кезеңіндегі референдумға белсенді қатысқан барша сырбойлықтарға шынайы алғысы мен зор ризашылығын білдірді.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі

2026 ЖЫЛҒЫ 15 НАУРЫЗДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯСЫН ІСКЕ АСЫРУ ЖӨНІНДЕГІ ШАРАЛАР ТУРАЛЫ

2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануына байланысты ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. 2026 жылғы 15 наурыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі – Қазақстан Республикасының Конституциясы) мәтіні «Егемен Қазақстан» және «Қазақстанская правда» мерзімді баспа басылымдарында жариялансын.

2. 1995 жылғы 30 тамыздағы республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының түпнұсқасы Қазақстан Республикасы Президентінің Архивіне сақтауға тапсырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Конституциясының түпнұсқасы Қазақстан Республикасының Президентінде сақталады деп белгіленсін.

4. Орталық референдум комиссиясы Қазақстан Республикасы Конституциясының мәтінін Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне орналастыру үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық акпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Президентінің заң шығару бастамасымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына:

1) «Қазақстан Республикасының Президенті туралы» Конституциялық заң жобасы;

2) «Қазақстан Халық Кеңесі туралы» Конституциялық заң жобасы енгізілетіні айқындалсын.

6. Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, осы Жарлықтың 5-тармағында көзделген заңнамалық актілердің жобаларын әзірлеуді және Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізуді қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң шығару бастамасымен Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің қарауына:

1) «Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы» Конституциялық заң жобасы;

2) «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Конституциялық заң жобасы енгізілетіні айқындалсын.

8. Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының орталық және жергілікті мемлекеттік органдары нормативтік құқықтық актілерді Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес келтіру жөнінде қажетті шаралар қабылдасын.

9. Қазақстан Республикасының Үкіметі 2026 жылғы 7 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Конституциясын ілгерілету жөніндегі жоспарды бекітсін.

10. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне жүктелсін.

11. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Президенті
Қ.ТОҚАЕВ

Астана, Ақорда,
2026 жылғы 17 наурыз
№ 1206

ТАБИҒИ ГАЗ ТҰРМЫСТЫ ТҮЗЕДІ

Бір кездері «көгілдір отын» игілікке жарайтынына күмәнмен қарағандар енді кейбір шалғай елді мекендерге қашан келер екен деп тағатсыздана күтіп жүргені рас.

Жалпы табиғи газ – елдің экономикалық өсуінің ең маңызды мультипликативті әсерлерінің бірі. Өндіріс газдандыру жұмысы 2004 жылы «Ақшабұлақ-Қызылорда» магистральды газ құбырының құрылысынан басталды. Сол жылы Қызылорда қаласына газ келді. 2013 жылға дейін жалғасқан жұмыс нәтижесінде 2014-2015 жылдары Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылы, Қазалы, Арал, Шиелі, Жаңақорған аудандарының орталығы газға қосылды. Одан кейін облыс орталығына жақын орналасқан Белкөл кенті мен Талсуат елді мекенінің халқы газға қол жеткізді.

2015 жылға дейін Қызылорда қаласы ғана газдандырылған болса, «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбыры құрылысы аяқталғаннан кейін аудандарға «көгілдір отын» жеткізуге мүмкіндік туды. Осыған орай 2015 жылы «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ-мен меморандум жасалып, нәтижесінде Арал, Қазалы, Шиелі, Жаңақорған аудан орталықтары мен Байқоңыр қаласын газдандыру жұмысы жүргізілді. Сол жылы газдандыру үлесі халық санымен есептегенде 34 пайыз болса, 2016 жылы 63 пайызға жетті.

2-бет



Дайындаған Қ.Оразбаев

ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІН АЙҚЫНДАЙДЫ

Жыл басы Наурыз мерекесін Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театры да ерекше дайындықпен қарсы алып отыр. Атап айтқанда, 16-20 наурыз аралығында «Nartai Theatre Fest – 2026» театрлік фестивалі өтуде.

Салтанатты іс-шараға облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Жанмұрат Сейілов қатысып, фестиваль меймандарына, шығармашылық ұжымдарға аймақ көрсеткіштері атынан ықыласын білдірді.

Фестиваль шымылдығы А.Кашьяптың «Кім?» мистикалық триллерімен ашылып, Е.Төлеубайдың «Абай» трагедиясымен жалғасты.

Ақпараттарға зер салсақ, «Абай» пьесасы алғаш рет 1940 жылы қазақ академиялық драма театры сахнасында А.Токпановтың режиссерлігімен қойылған екен. Сондай-ақ бүгінге дейін М.Әуезов әдеби-мемориалдық музейінде «Абай» трагедиясының үш түрлі нұсқасы сақталуы.

4-бет

ҚУАТТЫ МЕМЛЕКЕТТІҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ

Бұл референдум берекелі бірлік пен ырысты ынтымағымыздың тағы бір өнегелі көрінісі және нышаны болды. Біз халқымызға тән нағыз отаншылдық рухын сезіндік, олардың риясыз қолдауына куә болдық. Мемлекет тағдырына бей-жай қарамай, дауыс беру науқанына атсалысқан барша азаматқа зор алғыс айтамын! – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президент осы ретте ұлт мүддесін терең түсініп, Ата заңды қолдап, дауыс беруді тарихи миссия санаған жұртшылыққа шынайы ризашылығын білдірді. – Бұл орайда, Павлодар, Ақтөбе, Маңғыстау, Жамбыл, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Жетісу, Қызылорда облыстарының және басқа да аймақтардың Ата заңды мақұлдап, дауыс берген тұрғындарына алғысымды айтып келеді. Сондай-ақ осы тұста Қазақстан жастарының ерекше белсенді болғанын атап өту қажет. Олар заңға жазушы Әбіш Кекілбаев айтып кеткен «ұлттық жауапкершіліктің» озық үлгісін көрсетті. Мұны заңды құбылыс деп айтуға толық негіз бар. Өйткені жаңа Конституция, ең алдымен, өскелең ұрпақтың игілігі үшін қабылданып отыр.

Бұған дейін де айттым, қазір де қайталаймын: еліміздің болашағы – жастарымыздың қолында! Мемлекет басшысы ретінде мен сіздерге сенемін, зор үміт арттымын! Жастарымыздың қарым-қабілеті айрықша, талант-дарыны мол, әлеуеті зор, күш-жігері мықты! Қазақстанды әлемдегі ең озық, дамыған елдердің қатарына қосатын да – сіздер! Бұған еш күмәнім жоқ! Бүгін төрге озып, тұғырына қонған жаңа Халық Конституциясы сіздерге бағдар беретін темірқазық болады. Себебі, бұл – келер ұрпақпен бірге жасай беретін қасиетті құжат, – деді Мемлекет басшысы.

Президент Конституциялық реформа жөніндегі комиссияның нәтижелі еңбегіне айрықша тоқталды. Комиссия мүшелері өте ауқымды, тиімді жұмыс атқарып, мемлекет пен қоғамның өзара сенімі және серіктестігі аса маңызды екенін айқын көрсетті. Атап өтпегендей, Жалпұлттық комиссия мүшелері де қажырлы қызмет етті. Олар жаңа Конституцияның мән-мазмұнын жұртшылыққа кеңінен түсіндіріп, қажетті үгіт-насихат жұмысын ойдағыдай атқарды. Қасым-Жомарт Тоқаев осы тарихи сәтке орай, Комиссия құрамында болған барша азаматқа және Коалиция мүшелеріне, еліміздің әр аймағы, ауданы мен қаласындағы қоғамдық белсенділер, олардың ішінде еріктілер, яғни, волонтерлердің жоғары азаматтық жауапкершілік танытын, Халық Конституциясының қабылдануына зор үлес қосқаны үшін ерекше ризашылығын білдірді.

– Біз Халық Конституциясының келешек ұрпақ алдындағы жауапкершілігімізді терең сезіне отырып қабылдадық. Ата заң – қуатты, күшті, бәсекеге қабілетті Қазақстанның жаңа Жарғысы. Жаңа Конституция – көне заманнан бері бабаларымызға бағдар болған дала заңдарының бүгінгі жалғасы, ұрпақтар арасындағы сабақтастық көрінісі. Заман талабына сай жаңғырған бас құжат мемлекеттігіміздің сан ғасырлық тарихынан хабар береді. Қазіргі Конституция нағыз Ұлт заңы деген атқа лайық. Оның өне бойында бабаларымыз аманат еткен елдік пен ерлік рухы, салт-дәстүр, жасампаздық және жанашылдық ұғымдары тоғысқан.

Ата заң – мемлекет мүддесінің болатын берік қалқаны. Конституциямыздың ең басты мақсаттары – жеріміздің тұтастығын, еліміздің Тәуелсіздігі мен егемендігін қорғауға, азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын сақтауға, қоғамдық әділет пен заң үстемдігін нығайтуға кепілдік беру, сондай-ақ білім, ғылым, инновация мен мәдениетті дамыту, тазалықты дәртіптеп, табиғатты қорғауды қамтамасыз ету.

Мемлекетіміздің бас құжаты – халық болмысының мызғымас нышаны, берекелі ауызбіршілігіміздің символы. Азаматтарымыз таңдаған жаңа Конституция Қазақстанның жаңа дәуіріне жол ашады!

Қазақстан – аяғына нық тұрған, халықаралық беделі биік мемлекет. Еліміз ішкі тұрақтылығын сақтап, өзге жұртпен достық қатынас орнатып, зор сеніммен алға қарай қадам басып келеді. Енді мемлекетіміз дамуының даңғыл жолына түседі. Сондықтан бізге татулық пен достық, сабырлық пен табандылық, жасампаздық пен ұқыптылық, еңбекқорлық пен сенімділік аяғалы қажет. Біздің биік мақсаттарымыз, нақты жоспарларымыз бар. Көп сөзбай бәріміз осы міндеттерді іске асыруға кірісуіміз керек, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Президенттің пікірінше, Халық Конституциясын әзірлеу мен қабылдау жалпұлттық бірліктің салтанат құрғанын, жаңыру стратегиясы мен реформалар жаппай қолдау тапқанын аңғартады.

– Өрине, бұл құжаттың тарихи маңызына, қазіргі қоғам мен келер ұрпаққа баға береді. Ал бізге мемлекеттік жылнамасын жазу миссиясы жүктелді. Бұл – абыройлы әрі жауапты миссия. Сонымен бірге азаматтық ой-пікірің арқылы туған Отаныңның даму бағдарын белгілеуге берілген сирек мүмкіндіктердің бірі, тағдырдың сыйы. Сондықтан бәріміз тарихи әрі ұлы бетбұрыстың бел ортасынан табылып, тағдыршешті сәтке куә болдық деп сеніммен айта аламыз.

Референдумға қатысып, азаматтық жауапкершілік пен отаншылдық танытқан баршаның алғыс айтамын. Өсіресе, жастарға шынайы ризашылығымыз білдіремін. Жас буын ел жылнамасына есімдерін алтын еріппен жазып, Ата заң авторларының біріне айналды. Қазақстанның бүгінгі мен келешегі жастардың қолында. Бұл – ешқандай ұран емес, қарапайым өмір заңы, мемлекеттік саясатымыздың өзегі.

Референдумның табысты өтуіне орай менің атыма достас мемлекеттердің басшылары мен халықаралық ұйымдардың жетекшілерінен құттықтаулар келіп түсіп жатыр. Орайлы сәтті пайдалана отырып, халқымызға қолдау көрсетіп, тілектестіктерін жеткізген әріптестеріме ризашылық білдіремін.

Алдымызда ауқымды жұмыс тұрғанын, біз мемлекетімізді жан-жақты жаңғырту жолын енді ғана бастағанымызды айрықша атап өткім келеді. Дүние дүрбеленге толып, айналымында тұрақсыздық белең алған жағдайда бұл жолды еңсерудің оңай болмайтыны, түрлі келеріміз бетпе-бет келетініміз анық. Алайда жолдың қиындығына қарамай, алға қадам басуымыз керек. Ол үшін ұлттымыз ауызбіршілік танытып, жауапты әрі жасампаз патриотизмінің, терең білім мен кәсібилік үлгісін көрсетуі қажет. Біз көздеген мақсатымызға жетеміз. Жөніміз болуға міндеттіміз! – деді Мемлекет басшысы.

Президент сондай-ақ, қол қойған Жарлық Ата заң ережелерін жүзеге асырудың негізгі бағыттары мен шараларын айқындайтынын, көп ұзамай Парламент қарауына Президент, Құрылтай, Халық Кеңесі, Астананың мәртебесі және еліміздің әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы жаңа бес конституциялық заң енгізілетінін атап өтті. Сонымен қатар сөзін конституциялық заңға және 60-тан астам заңға, соның ішінде негізгі кодекстерге түзетулер енгізу қажет. Заң шығару үдерісі алдағы парламент сайлауымен қатар жүреді. Сайлауды жаңа сессияның ашылуына дейін өткізу жоспарланған отыр. Сол уақытқа дейін тізгіні занамаалық база әзірлеуді толықтай аяқтаған жөн.

– Елімізді құқықтық және саяси тұрғыдан түбегейлі жаңғырту жыл соңына дейін, тіпті келесі жылы да жалғасуы мүмкін. Алдымызда кәсіптік білім институттарын реформалап, жанасым құру, сондай-ақ олардың құрылымы мен кадрлық құрамын өзгерту міндеті тұр. Конституцияның тың қағидалары құқықтық, экономикалық, қоғамдық-саяси өміріміздің, басқаша айтқанда, тұтас тыныс-тіршілігіміздің ажырамас бөлшегіне айналады.

Халық Конституциясы – стратегиялық сенім маңызы және ұзақмерзімді мақсаттар мен өрлеу жолына бастайтын жаңа қоғамдық келісім. Сондықтан еліміз дамуының жаңа кезеңіне қадам басты деп сеніммен айтуға болады. Соған сәйкес, мемлекет пен азаматтардың ықпалдастығы қайта жаңғыруы қажет.

Өздеріңізге мәлім, бытыр қылмыстық жауапкершілікке тартылғандарға рақымшылық жасалды. Енді азаматтар мен мемлекеттің қауіпсіздігіне қатер төндірмейтін бірқатар қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық бойынша тағы да рақымшылық жариялауға болады. Елімізде әкімшілік істер бойынша рақымшылық алғаш рет жасалатынын атап өткім келеді. Парламент қазіргі сессияның соңына дейін тиісті заң қабылдауы керек. Бұл – Негізгі заңдағы адамгершілік идеялары мен прогрессивті құндылықтарды қоғамда орықтатырған маңызды қадам, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Жаңа Конституция – халқымыздың ынтымақ-бірлігінің жарқын символы. Оның баптарында әрбір қазақстандықтың арманы мен аңсары, ұрпағының баянды болашағына деген үміті мен сенімі көрініс тапқан. Ата заң барша азаматтың – Отанымыздың шынайы патриоттарының басты бағдарына айналды.

– Қазақстанның жаңа Конституциясы – әлемдік өркениеттің биігіне бет алған ұлттымыздың берік әрі мызғымас тұғыры. Менің бұған ешқандай күмәнім жоқ. Сіздердің де шуболарыңыз болмайды деп ойлаймын.

Жаңа Конституцияны қабылдау – ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру деген сөз. Бұл – дұрыс пен бұрысты тани білетін, жақсы мен жаманның аражігін ажырата алатын, кемеліне жеткен жұрттың ғана қолынан келетін іс. Жаңа Конституция елдігіміздің тірегі, егемендігіміздің тұғыры болады. Оның әр нормасы, әр тармағы Тәуелсіздігімізді нығайта түседі. Әділдік қағидаты бас құжаттың өзегіне айналды. Сондықтан жаңа Ата заңды Әділетті Қазақстанның төлқұжаты десек, қателеспейміз. Мен ел Президенті және Конституция кепілі ретінде бас құжаттағы ережелердің мүлтіксіз орындалуы үшін бар күш-жігерімді саламын. Жаңа Конституциямызға сәйкес адал қызмет етуге серт беремін. Еліміз арқашан өсіп-өркендей берсін!

Қасиетті Отанымыз – Қазақстан Республикасы мәңгі жасасын! – деді Президент сөзіннің қорытындысында.

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖОБА БАСТАМАСЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Болат Өтемұратов қорының өкілдері – қамқоршылық кеңесінің төрағасы Алмаз Шарман, бас директоры Айнур Кәрібозова, «Верный Капитал» компаниялар тобының басшысы Айдан Ақанов, сондай-ақ Берклидегі Калифорния университетінің ғалымдары, E-seed технологиясының авторлары Семин Ии және Марко Фрескимен кездесті.

Онда Болат Өтемұратов қорының қолдауымен іске асырылуы қарастырылған «Арал теңізі түбінің экожүйесін жақсарту» халықаралық жобасының бастамасы талқыланды.

Бұл жоба Қызылорда облысы үшін ғана емес, халықаралық деңгейде де маңызды. Оның басты ерекшелігі – Берклидегі (АҚШ) Калифорния университетінде әзірленген E-seed инновациялық технологиясын қолдану. Жоба аясында технологияны жергілікті

табиғи жағдайларға бейімдеу жұмыстары Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті және Халықаралық Аралды құтқару қорының қатысуымен жүргізіледі.

– Арал теңізінің экожүйесін қалпына келтіру өңіріміз үшін стратегиялық маңызға ие. Біз экологиялық жағдайды жақсартуға және халықтың өмір сапасын арттыруға бағытталған жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға дайынбыз, – деді аймақ басшысы.

Айта кетейік, технология дрондар арқылы жүзеге асырылатын әэросебу әдісіне негізделген. Биологиялық ыдырайтын арнайы материалға орналасатын галлофит өсімдіктерінің тұқымдары жерге себілгеннен кейін ылғалдың әсерімен топыраққа өзі-өзінен тереңдей енеді. Мұндай тәсіл өсімдіктердің жеріну деңгейін арттыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар бұл технология қысқа мерзімде үлкен аумақты қамтып, отырғызу

жұмыстарын аз еңбек шығынымен жүргізуге жол ашады.

Қордың пилоттық жобасы Арал теңізінің құрғаған табанындағы тұз бен зиянды шаңның таралуын азайтуға және өңірдің экологиялық жағдайын жақсартуға бағытталған. Алғашқы кезеңде 1 гектар аумақта сынамалық отырғызу жұмыстары жүргізіледі. Егер өсімдіктердің жеріну деңгейі 20 пайыздан жоғары болса, жобаның келесі кезеңінде отырғызу аумағын 50 гектарға дейін кеңейту жоспарланған.

Болат Өтемұратов қоры Қызылорда облысына жылдар бойы жүйелі қолдау көрсетіп келеді. 2016 жылы «Асыл Мирас» аутизм орталығы ашылып, 2024 жылы 16 млрд теңгеге «Қорқыт ата халықаралық әуежайының» жаңа терминалы салынды. Сондай-ақ облыстық жұмыспен асулар ауруханасына, перинаталдык орталыққа және мүгедектігі бар балаларға арналған №2 облыстық орталық орталығына заманауи медициналық жабдықтар берілді. «Баламекен» жобасы аясында Қызылорда қаласында әлеуметтік осал санаттағы 50 отбасы, Арал қаласында тағы 40 отбасы баспанамен қамтамасыз етілді, жалпы көлемі 750 млн теңгеге құрады. 2021 жылғы қуаныштық кезінде Арал ауданы тұрғындарын қолдау үшін 280 млн теңге бөлінді.

Арал теңізі түбінің экожүйесін жақсартуға бағытталған жоба Қазақстанның Халықаралық Аралды құтқару қорындағы (ХАҚК) төрағалығы аясында жүзеге асырылып жатқан бастамалармен сабақтас. 2024-2026 жылдары бұл ұйымға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев төрағалық етеді.

/// ТАҒАЙЫНДАУ

Сабит ИБАДУЛЛА – БАСҚАРМА БАСШЫСЫ



Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен кадрлық өзгерістерге байланысты жиналыс өтті. Онда аймақ басшысы жанадан тағайындалған облыстық цифрлық технологиялар басқармасының басшысы Ибадулла Сабит Ибадуллаұлы таныстырды.

Сабит Ибадуллаұлы 1986 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген. Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде «Информатика», Қарағанды экономикалық университетінде «Экономика» мамандықтары бойынша білім алған. Педагогика ғылымдарының магистрі, техника ғылымдарының кандидаты. «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығы бойынша PhD докторы. Өр жылдары Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінде бағдарламашы, аға оқытушы, кафедра меңгерушісі қызметтерін атқарған. 2018-2024 жылдары облыс әкімдігі жанындағы ақпараттық технологиялар орталығының директоры, облыс әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы лауазымдарында еңбек еткен. 2025 жылдан бүгінгі күнге дейін облыстық полиция департаменті бастығының цифрландыру саласына жетекшілік жасайтын орынбасары қызметін абыроймен атқарып келеді.

Облыс әкімі жаңа басшыға маңызды міндеттер жүктелді. Атап айтқанда, жасанды интеллект саласындағы мемлекеттік саясатты тиімді іске асыруды, инвестиция тарту жүйесін және ақпараттандыру саласындағы инвестициялық жобаларды әзірлеуді, іске асыру тетіктерін жетілдіруді міндеттеді. Сонымен қатар ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік бақылауды күшейтуді, өңірде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттыруды, оған қолжетімділікті қамтамасыз етуді тапсырды.

ТАБИҒИ ГАЗ ТҰРМЫСТЫ ТҮЗЕДІ

Бұл облыс экономикасына қосымша қуат беріп, халықтың күнделікті өмірін түбегейлі өзгерткен үлкен жаңалық болды. Тезек пен көмірдің қамы, ыс пен күлдің азабынан құтылған сан мың отбасының тұрмысы жаңа сипат алды.

2017-2018 жылдары Жосалы, Терен-өзек, Жалағаш кентіне арнайы жоба жасалып, газ тарату станциялары салына бастады. Ал 2021 жылы аталған үш ауданның орталығына бөлек, Шиелидегі Ш.Қоданов, Н.Бекежанов ауылына газ құбыры тартылды. 2019-2020 жылдары Аралдағы Жақсықалы кенті, Шиелидегі Байсын ауылы, Қазығаш қарасты Г.Мұратбаев және қала маңындағы Қарауылтөбе елді мекендері де «көгілдір отынның» қызығын көре бастады.

2022 жылы республикалық бюджеттен 10 жоба арқылы қалаға қарасты Ж.Махамбетов пен «Наурыз», Жаңа-қорғандағы Бірлік пен Қыраш, Арал ауданындағы Сексеуіл кенті және ондағы

газ тарату станциясы, Төреғам мен Ақай ауылы, Қазалы ауданындағы бір-біріне іргелес орналасқан Басықара, Шиелидегі К.Пірімов елді мекені, Шиелидегі М.Шоқай ауылы табиғи газға қосылды.

Қазіргі уақытта да облыс аумағындағы бірнеше елді мекенді газдандыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Бүгінде аймаққа қарасты 4 қала және 222 ауыл бар. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының мәліметінше, барлық қала 100 пайыз газдандырылған (Қызылорда, Арал, Қазалы, Байқоңыр). Ал газға қосылған ауыл саны 56-ға жетті. Бытыр газдандыру жобаларына 17,3 млрд теңге қаржы бөлінген. Аталған қаржыға 18 жоба жүзеге асырылды. Оның ішінде республикалық бюджеттен 5,7 млрд теңге, «Самұрық-Қазына» АҚ-нан 8,5 млрд теңге, облыстық бюджеттен 3,1 млрд теңге қаралған.

– Бытыр 11 елді мекен, атап айтқанда, Шижяга, Ортақшыл, Баймұрат, Талдыарал, Ақтан батыр, Н.Лиясов,

ӘСКЕРГЕ ШАҚЫРУ НАУҚАНЫНА ДАЙЫНДЫҚ ҚАЛАЙ?

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналиновтың төрағалығымен көктемгі мерзімді әскери қызметке шақыру науқанына дайындық барысы талқыланған кенейтілген отырыс өтті.

Жиынға көктемгі шақыру науқанын ұйымдастыруды пысықтау, комиссия мүшелерімен кездесу, облыстық және қалалық шақыру пункттерінің материалдық-техникалық жаратандырылуы мен қамтамасыз етілуін бақылау мақсатында Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабы бастығының орынбасары, генерал-майор Сәкен Жүсіпов арнайы қатысты. Комиссия мүшелерімен кездесіп, шақыру науқанын сапалы әрі талапқа сай ұйымдастыру туралы бірқатар нақты міндет жүктелді.

Отырыста Қызылорда облысы бойынша қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы Жасұлан

Шанқұлов өткен жылғы мерзімді әскери қызметке шақыру қорытындылары туралы баяндама жасап, кемшіліктерді болдырмау үшін қабылданған шараларға тоқталды. Туындаған мәселелер жөнінде облыстық жұмылдыру дайындығы, аумақтық және азаматтық қорғаныс басқармасының басшысы Марат Құрманбаев айтып, бірқатар ұсынысын жеткізді.

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары, медициналық комиссия төрағасы Жаңыл Абубақирова медициналық комиссиялардың дәрігер-мамандармен қамтамасыз етілуі, көктемгі науқанға дайындық тығыздығы екенін айтты.

Жылы қорытындысында жауапты мемлекеттік органдарға көктемгі әскерге шақыру науқанын сапалы әрі белгіленген мерзімде өткізу бойынша нақты тапсырмалар берілді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БІРЛІК ПЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК КӨРІНІСІ

Елімізде өткен жалпұлттық референдум халықтың болашаққа бейжай еместігін, мемлекет тағдырына ортақ жауапкершілікпен қарайтын айқын аңғартқан маңызды саяси кезең болды. Бұл ауқымды науқан азаматтардың бірлігі мен ынтымағын, ортақ мақсат жолындағы ұйысуын көрсеткен тағылымды оқиға ретінде тарихта өз орнын алды.

Аталған саяси науқанда Қызылорда облысының тұрғындары да белсенділік танытып, ел дамуына қатысты өз талауларын айқын білдірді. Жұртшылықтың жоғары ұйымшылдығы мен азаматтық белсенділігі өңірдегі қоғамдық келісім мен тұрақтылықтың берік екендігін дәлелдеді.

Референдумға облыстық ардагерлер кеңесінің мүшелері де белсене атсалысып, өмірлік тәжірибесі мен парасат-пайымын АЛҒЫС ХАЛЫМЫЗ МАРПАТАЛДЫ. Бұл – ел игілігі жолындағы адал еңбектің лайықты бағалануының көрінісі.



Бірлік пен татулықты ту еткен елдің ғана еңесі биік, келешегі кемел болмақ. Осындай маңызды сәттерде халықтың ауызбірлігі мен өзара сенімі мемлекетіміздің жарқын болашағына берік негіз қалайды. Тәуелсіз еліміздің тұғыры нық, берекесі баянды болсын!

«СБ» ақпарат

басқармасының басшысы Медет Усаин. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев қаламызда өткен Ұлттық құрылтайда: «Сонғы жылдары Қызылорда облысы заман талабына сай өсіп-өркендеп жатыр» деп, аймақтың барлық салада қарқынды дамығанын ерекше атап өтті. Сыр өңірінде атқарылған жұмыстарға оң бағасын берді.

Атап айтсақ, 2025 жыл аймақтың инфрақұрылымдық дамуы тұрғысынан табысты кезең ретінде тарихқа енді. Жүйелі жүргізілген жұмыс нәтижесінде жоғарыда айтып өткеніміздей, облысты газдандыру деңгейі 83 пайызға жетіп, тұрғындардың өмір сапасын арттыруға бағытталған іргелі бастамалар өз жемісін берді. «Газ келді, жаз келді» деп қуанған тұрғындар саны жыл өткен сайын арта түсуде. Сырбойлықтар тұрмысын түзейтін табиғи газға қосу жұмысы әлі де жалғасын таба бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА, «Сыр бойы»

Киберспорт бүгінде жай әуестік емес, ресми мойындалған, тұрақты дайындықты, психологиялық төзімділікті және тактикалық ойлауды талап ететін үлкен салаға айналды. Қазақстанда бұл бағыт 2000 жылдардан бері қарқынды дами бастады, ал 2018 жылғы 25 маусымнан бастап елімізде ресми спорт түрі ретінде танылды. Осы саланың Қызылордадағы белгілі өкілдерінің бірі – 28 жастағы киберфутболшы, «Қайсардың» ресми киберойыншысы Нұрбақыт Мирғали.



КИБЕРСПОРТТА КЕЗДЕЙСОҚ ЖЕҢІС БОЛМАЙДЫ

Оның виртуалды әлемге қызығушылығы бала күнінде басталған. Өзінің айтуынша, бұл қызығушылықтың қалыптасуына әкесі ашқан шағын PlayStation клубы тікелей әсер еткен. Клубтың атауы да «Нұрбақыт» деп аталған. Сол жерде ол бала кезінен бастап ойынға терең бойлап, уақытын түгеліе жұық виртуалды футболға арнаған.

– Ол кезде бір минут ойын бір теңге тұратын. Ал мен клуб иесінің баласы болғандықтан, бәрі тегін еді. Күні бойы жаттығатыным, 20-25 жастағы жігіттерді ұтып кететінім. Өзім ол кезде небәрі он жаста едім, – деп еске алады Н.Мирғали.

Ол оның сыныпқа дейін виртуалды әлеммен қатар өскен. Бірақ кейін өмірдің басқа кезеңі басталды. ҰБТ-ға дайындалу, университетке түсу, болашақ мамандықты таңдау – бәрі ойыннан уақытша алыстауға мәжбүр етті. Осы аралықта әкесінің клубы да жабылған. Соған қарамастан, бала күнгі қызығушылық толық өшкен жоқ.

Нұрбақыт киберфутболға студент кезінде қайта оралған. Бастапқыда жай ғана жолдастарымен ойып көрген. Сол сәтте бұрынғы жеңіске деген сезім қайта оянып, қалық турнирге қатысты. Нәтижесінде үшінші орын алды. Осы нәтиже оны жаңа кезеңге шығарған. Өз мүмкіндігін түсініп, Қызылордада өткен турнирлердің барлығына қатыса бастады. Көп жағдайда финалға дейін жеткен.

Тіпті бір кезеңде оның жеңісі соңшалық жиіленіп кеткендіктен, ұйымдастырушылар әзіл-шын аралас жарысқа қоспау туралы да айтқан. «Басқаларға да мүмкіндік бер» деген сөздер сол уақыттағы оның денгейін көрсеткен.

Нұрбақыттың кәсіби жолы 2016 жылдан айқын көріне бастады. Сол кезеңнен бері қалық жарыстарда үздіктер қатарынан түспеген. Ал 2018 жылы әуесқой деңгейден кәсіби киберспортқа өткен. Оның сөзінше, бұл шешім оңай болмаған. Себебі кәсіби деңгейде тек жақсы ойнау жеткіліксіз. Мұнда теория, практика, психология, тұрақты тәртіп пен ұзақ жаттығу керек.

– Киберспорт – жай ғана ойын емес, бұл – нағыз спорт. Мұнда да жеке немесе командамен өнер көрсетуге болады. Балалардың телефонмен ойып отырғанының бәрін киберспорт деуге болмайды. Бірақ ресми жарыстарға қатысып, соған мақсатты түрде дайындалсаң, кәсіби деңгейге өсуге болады, – дейді ол.

2019 жылдан бері Н.Мирғали республикалық деңгейде жарыстарға қатыса бастады. Қазақстан чемпионы атағын иеленіп, кейін халықаралық турнирлерде де өнер көрсетті. Бүгінде ол – eFootball бойынша алты дүркін ел чемпионы. Сонымен қатар үш мәрте вице-чемпион атанған,

Қазақстан кубогының екі дүркін қола жүлдегері болған. Бұдан бөлек, демеушілер қолдауымен өткен көптеген турнирдің жеңімпазы және жүлдегері.

Оның халықаралық жетістіктері де аз емес. 2024 жылы УНУА Cup Asia турнирінде алтын медаль жеңіп алды. Сол жылы Азия ойындарында үздік алтылық қатарына кірді. Ал жуырда өткен белдеді Туран-2025 турнирінде екінші орын иеленді. Енді Азияда-2026 жарысында Қызылорда атынан киберспорт бойынша ел намысын қорғайтын спортшы ретінде дайындалып жүр.

– Қарапайым матч 20 минут қана болуы мүмкін. Бірақ мен соған апталап дайындаламын. Алдыңғы ойындардың қайталауын көремін, кәтелерімді талдаймын, қарсыластың әрекетін алдын ала болжауға тырысамын. Осы мақсатта нейрожеліні де қолданамын. Бұл жерде тактика, психология және ойлау жылдамдығы шешуші рөл атқарады, – дейді спортшы.

Оның айтуынша, киберспортта физикалық күштен гөрі реакция, психологиялық дайындық және тактикалық сауат маңызды. Ойыншы жылдам шешім қабылдай білуі тиіс. Қарсыластың ойын оқу, қатені дер кезінде тану, тәртіп сақтау – мұның бәрі классикалық спорттағыдай үлкен еңбекті талап етеді.

Нұрбақыттың негізгі мамандығы да бар. Ол – инженер-гидротехник және экономист. Бірақ әзірге өз мамандығы бойынша жұмыс істемеген. Қазіргі басты бағыты – киберспорт. Оның сөзінше, бұл саладан табыс табуға болады. Әр жарыстың өз жүлде қоры бар. Қазақстандағы турнирлерде бірінші орынға берілетін сыйақы көбіне 300-400 мың теңге шамасында. Ал Азия кубогындағы жетістігі үшін шамамен үш мың доллар алған. Ол команда құрамында өнер көрсететіндіктен, тұрақты жалақы да алады.

– Егер бес жылдан кейін, тіпті үйде отырып-ақ Әлем кубогын көтерсем, бұл – менің бала күнгі арманымның орындалғаны, – дейді киберфутболшы.

Қызылордалық киберспортшының бүгінгі жолы бір нәрсені анық көрсетеді: киберспортта жеңіс кездейсоқ келмейді. Оның артында ұзақ дайындық, тәжірибе, жүйелі жаттығу, психологиялық тұрақтылық және үздіксіз ізденіс тұрады. Нұрбақыт Мирғали дәл осы қасиеттердің арқасында Қазақстандағы киберфутболдың танымал тұлғаларының біріне айналды. Қазір ол ойында, келесі межесі – халықаралық аренада Қазақстан туын одан әрі биіктету.

Бағлан АЙҒАЛИУЛЫ,
«Сыр бойы»

БАНК САЛАСЫНЫҢ АБЫЗЫ

Облыс экономикасын дамытуда халық шаруашылығының өндірістік, шаруашылық салалары негізгі драйвері екендігі бәрімізге аян. Ал экономиканың барлық тамырына қан жүгіретін негізгі алғы шарттарының бірі – қаржылық қолдау. Осы қаржылық операцияларды дер кезінде атқарып отыратын негізгі орган – банктер екені баршамызға белгілі. 1925 жылы ел астанасы Қызылордаға көшіп келгені бері біздің өңірімізде алғашында өкпелік, кейін аудандық, ал 1938 жылдан бастап мемлекеттік банктің облыстық кеңсесі жұмыс атқаруда. Осы кезеңде біздегі мемлекеттік банкті 24 азамат басқарған екен, соның ішінде бүгіндегі 95 жасқа толған, өмірден озғанына бір жылдан сәл-ақ асқан Қалибек Ахметжанов өмір экономикасын қаржыландыру, несиелендіру, қасалық есеп айырысу қызметіне сіңірген еңбегі зор деп айтсақ орынды секілді.

Қалибек Ахметжанов облыстық банкті 8 жыл басқарды. Сол жылдары өңірдің ауыл шаруашылығының дамуындағы күрт өсу кезеңі болды. Қызылорда Солжаға, Түгіскен массивтері игеріліп облысымыз Одақта күрші өндірісінің екінші негізгі аймағы болып қалыптасып, КСРО-дағы күршінің 20 пайыздан астамын өндіргенін мақтанышпен айтсақ, соны дер кезінде қаржыландыру, несиелендірудегі банктің қызметі өзгеше еді.

Сонымен қатар, Қызылорда қаласындағы целлюлоза-картон комбинатында өз қуатына толығымен еніп облысымыздағы өнеркәсіп өндірісінің флагманына айналуында банктің көп үлесі бар. Иә, ол кезде де өңірімізде «Жақаевшылар» қозғалысы зор қарқынмен етек алып бірнеше мамандандырылған күрші, қой совхоздары ұйымдастырылып, ауылдық елді мекендерге халық жаппай қоныстанып, даламыздың келбеті түрленген кез еді. Бұл тірліктің қаржысыз шешілетінін бәрімізге белгілі болса, онда қаржы ұйымдарының, оның ішінде Қ.Ахметжанов басқарған

мемлекеттік банктің еңбегі сүбелі еді. Кеңес Одағы уақытында елдегі халық шаруашылығын қаржыландыру, несиелендіру тек қана мемлекеттік банк арқылы жүргізілетіндігі секілді, банктің әлеуметтік саланы дамытуы қаржыландыру, қасалық есеп айырысуы да еш мүлтіксіз атқаратындығы, мектеп, ауруханалар, мәдениет ошақтары жұмысының бірқалыпты жүруіне ықпалы зор болды. Қалибек Ахметжановтың банк саласындағы мүлтіксіз жұмысының арқасында салада жақсы ұжым қалыптасты, көптеген өз ісінің мамандары өсіп жетілді.

Қалибек Ахметжанов 1930 жылы 21 желтоқсанда Алматы облысы Талғар ауданының Октябрь селосында туған. 1950 жылы Алматы қаржы-несие техникумын, 1962 жылы С.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетін (ҚазМУ) бітірген. Еңбек жолын 1950 жылы Қызылорда облыстық мемлекеттік банкіне бастап, 1952-1963 жылдар аралығында Қазақ республикалық мемлекеттік банкіне тексеруші, аға тексеруші, бас тексерушінің орынбасары, Ұзынағаш



бөлімшесінде басқарушы Тағдықорғанда банкте лауазымды қызмет атқарып, 1963-1972 жылдары Мемлекеттік банктің Қызылорда облыстық кеңсесін басқарған. 1972-1987 жылдары Қазақ республикалық мемлекеттік банк басқарушысының орынбасары лауазымын атқарса, 1987-1995 жылдар аралығында республикалық тұрғын үй және әлеуметтік (Жилсоцбанк) банкі, Кредсоцбанк басқарма төрағасы қызметтерін атқарған.

3 орден, 6 мемлекеттік медальмен, Қазақ Кеңестік социалистік республикасы Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамотасымен нағардалған. Алматы облысы Талғар ауданының, Қызылорда облысы-

ның құрметті азаматы, Кеңес одағы мемлекеттік банкінің үздігі.

Қ.Ахметжановтың ұран зор күш салуының және ұйымдастырушылығының арқасында Қызылорда қаласында банк қызметкерлеріне арналған 30 пәтерлік тұрғын үй (1968 ж), қазіргі Ұлттық банк филиалының ғимараты (1971 ж) салынып, пайдалануға берілген. Осы ғимаратта өзі бірінші болып облыстық кеңесінің басқарушысы лауазымында қызмет атқарған. Сол кезде Қалекен отырған, кезінде 1925 жылы республика орталығы Орынбордан Қызылордаға көшкенде бірге әкелінген стол, қазір облыс орталығындағы «Ұлағат» білім ордасы жемекшілік мектебінің мұражайында сақталуы.

Өткен ғасырдың 60-70 жылдары күрделі құрылыс жүргізу, оның ішінде әкімшілік ғимарат салудың қиындығын аға буын ұрпақтары жақсы біледі. Осындай қиындыққа қарамастан Қалекен Қызылордада өзінің ізін қалдырды.

1992-1996 жылдары өзі де Қалекеннің қолдауымен КСРО тұрғын үй және әлеуметтік банктің облыстық басқармасы басшысы қызметін атқарып, банк жүйесіндегі абыз тұлғамен бірге әріптес болу мүмкіндігіне не болдым. Банктің көп қырлы жұмысын жүргізуде сол кідпен сусындағанымды ұмытпаймын. Ал Қалекеннің жұбайы Нұрқалиша апай 90 жастан асып, өздерінен тараған 4 ұл-қыздың, көптеген немерелердің қызығын көруде.

Қамбар ӘЖІБЕКОВ,
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

«ӨМІРЛІК МАҚСАТ» – НӘТИЖЕГЕ БАҒЫТТАЛҒАН ЖОБА

«Ақ босаға» әйелдер қоғамдық бірлестігі 2006 жылдан бері қоғамның барлық саласындағы әйелдердің белсенділігін арттыру және бала тәрбиесіндегі, отбасындағы әйел ағамның ролін арттыру бағытында жұмыс жүргізеді.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессор, оқытушылар құрамының негізінде құрылған бірлестік қоғамның барлық саласындағы әйел ғалымдардың ролін мен азаматтық бастамашылығын, қоғамдық саяси белсенділігін арттыра отырып, олардың әлеуметтік жобалар арқылы қоғамдық жұмысқа атсалысуына ықпал етеді. Сондай-ақ мемлекеттің демографиялық саясатын насихаттап, отбасы күндіздерінде дамытуға арналған шараларды іске асырды. Бірлестіктің мүшелері әртүрлі мамандық иелері, яғни психо-логтер, педагогтер, экономистер, қоғам қайраткерлері, белсенді жастар.

Откен жылы шілде айынан бері «Ақ босаға» қоғамдық бірлестігі «Омірлік мақсат» бағдарламасы аясында Орталық Азияның Еуразия қоры (ФЕЦА), Сіті қорының қолдауымен «Қызылорда өңіріндегі мүгедек әйелдер мен ерекше баласы бар аналардың қауіпсіз, қолжетімді үйге қол жеткізуді қолдау» әлеуметтік жобасын іске асырды. Нақтырақ айтсақ, бұл жоба Қазақстан бойынша 10 аймаққа бар.

Жоба мақсаты – қолжетімді қауіпсіз баспанға жету үшін мүгедектігі бар әйелдер мен ерекше балалары бар аналарды құқықтық, қаржылық, кәсіби және психологиялық қолдау мен қорғау. Сонымен қатар, 18 жас-тан асқан әйелдерге және мүгедек балалардың ата-аналарына құқықтық кеңес беру, тұрақты тұрғын үй алу үшін кәсіби қолдау көрсетеді.

Жоба аясында осыған дейін тігін, шаштараз ісі, бүгінде қол-өнер, жарнама ісі мамандықтары бойынша курстар өтіп жатыр. Қазір бірлестіктің 10 тіркелушісі курс бітіріп, 5-үй оқу курстарына қатысып жүр.

Жалпы деректер базасына 47 бенефициар тіркелді. Барлығына заңгер, психолог кеңес беруде, олар тек тұрғын үй кезегіне байланысты емес, басқа да сұрақтарымен заңгер қызметіне жүгіне алады. Соның бір көрінісі, жоба аясында тіркелген II топтағы мүгедектігі бар Ләззат Ұзақбаева «Омірлік мақсат» бағдарламасы аясында ұйымдастырылған шағын гранттың иегері атанды.

Ол жалдамалы пәтерде тұрады. Осыған дейін жобаның тігін курсына қатысып, тігін өнерінің қыр-сырын қысқа уақыт ішінде меңгеріп алды. Осылайша әлеуметтік жәрдемақыға қосымша табыс тауып, үйден тапсырыс қабылдап, киім тігу үшін грантка

өтімін берген еді. Нәтижесінде, жоба арқылы бөлінген грантты иеленіп, жұмысын бастауға мүмкіндік алды.

Тағы бір дерек, осы әлеуметтік жобаның қолдауымен II топ мүгедектігі бар әйелге қолдау көрсетілді. Айталық, ол 3 жыл бойы құны 1 млн теңгеден асатын «Натализумаб» препаратын алмай алмағалы. Ал жоба бойынша eGov.kz арқылы денсаулық сақтау басқармасына жүрініп, 3 күн ішінде аталған дәрімен қамтамасыз етілді. Сол секілді, бірнеше әйел-ананың тұрғын үйге қатысты мәселесі «Отбасы банкпен» байланыса отырып, толық шешімін тапқан. Бұдан бөлек, жобада қамтылған әйел-аналарға әлеуметтік жеңілдіктерге қолжетімділігін, құқықтарын қорғау бағытында қызмет көрсетілді.

– Бұл жобаның басты мақсаты – мүгедектігі бар азаматтардың құқықтары мен өмір сапасына нақты нәтижелер арқылы жақсарту.

Мысалы, өмірлік маңызды дәрі-дәрмекке қол жеткізе алмаған азаматқа небәрі 3 күн ішінде препараттың берілуі цифрлық мемлекеттік сервистерді дұрыс қолданудың тиімділігін дәлелдейді. Сол сияқты, тұрғын үй кезегін қалпына келтіру, 17 жыл күткен азаматтың баспана алу кезегіне жетуі, кәсіби бастай алмай отырған бенефициардың шеберханасын іске қосуы – әлеуметтік қолдаудан нақты табысқа және дербес өмірге көшуге жол ашатын өзгерістер.

Біз тек бір реттік көмек көрсетумен шектелмей, әр адамның құқығын қорғау, әлеуметтік тұрғыда еңбекке оңалту, мемлекеттік бағдарламаларға қолжетімділікті қамтамасыз ету бағытында кешенді жұмыс жүргіздік. Нәтижесінде, жобаға жүгінушілер өз мәселесін шешіп қана қоймай, қоғам өміріне белсенді араласа бастады. Мысалы, жобаға қатысушылардың бірі «Ауыл» партиясының белсенді мүшесі ретінде қоғаммен араласа, екіншісі үкіметтік емес ұйымның басшысы ретінде тағдырластар арасында мәдени-шаралардың өтуіне белсене кірісіп те кетті. Демек тәжірибе көрсеткендей, дұрыс ұйымдастырылған құқықтық және әлеуметтік сүйемелдеу мүгедектігі бар азаматтардың толыққанды өмір сүруіне нақты мүмкіндік береді, – дейді жоба жетекшісі Зейнар Тажиева.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Хабарландыру

ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес «Turanium» ЖШС ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Жобаның атауы: «Қызылорда облысы Жанакорған ауданындағы «Хорасан-1» кенішінің ГТП алаңында жалпы көлемі 75000 м³ шлам жинақталғыштар құрылысы» жұмыс жобасына ықтимал әсерлері туралы есеп.

Әсер ету аумағы: ҚР, Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, Байкенеже а.о. Жобаланған уақыттың координаттары: 1) 43° 55' 6.77" N, 66° 51' 4.21" E 2) 43° 55' 5.98" N, 66° 51' 9.66" E 3) 43° 55' 1.53" N, 66° 51' 3.41" E 4) 43° 55' 0.44" N, 66° 51' 8.53" E 5) 43° 54' 49.59" N, 66° 51' 4.24" E 6) 43° 54' 49.92" N, 66° 51' 9.12" E 7) 43° 54' 46.18" N, 66° 51' 4.16" E 8) 43° 54' 46.19" N, 66° 51' 8.55" E

Қоғамдық тыңдаулар 2026 жылғы 23 сәуір сағат 15:00-де ҚР, Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы, Байкенеже а.о., Байкенеже ауылы, К.Сиргебайұлы 5 үй, Байкенеже ауылының мәдениет үйі мекенжайы бойынша өтеді.

Қоғамдық тыңдауларға қатысу үшін онлайн Teams мына сілтеме бойынша оту қажет: <https://teams.live.com/join/9316983861239?pv=JFVPH9yh1Q6z4t>

Конференция идентификаторы: 931 698 386 123 9. Күлпі өз: AB3R9J.

Тіркелу талқылау басталғанға дейін 30 минут бұрын басталады. Байланыс сұрақтары бойынша жоқпарланған әрекеттің бастамашысына қоңырау шалыңыз.

Жоспарланған жобаның бастамашысы: «Turanium» ЖШС. Мекенжайы: 120018, ҚР, Қызылорда к., Әйтеке би көш., 52, тел.: +7 (7242) 55 11 95, +7 (707) 204 83 38, kzylylkum1horasan@gmail.com.

Жоба әзірлеуші: «АНТАЛ» ЖШС. Мекенжайы: Алматы к., Бұхар Жырау 33, «Жеңіс» БО, оф.50, БСН – 920940000013. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, сондай-ақ кейіннен жарияланған қоғамдық тыңдаулардың хаттамасымен ақпараттық жүйе <https://ndbecology.gov.kz/> сайтында және облыстың жергілікті атқарушы органының ресми интернет-ресурсына сілтеме арқылы: «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ <https://www.gov.kz/memleket/entities/kzylylkum1horasan?lang=ru> танысуға болады.

Жоспарланған жоба туралы қосымша ақпаратты, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпаратты, сондай-ақ жоспарланған іс-шараларға қатысты құжаттардың көшірмелерін алу мақсатында мына мекенжайлар бойынша хабарласуға болады: «Turanium» ЖШС. Байланыс тел.: +7(707)-204-83-38, e-mail: kzylylkum1horasan@gmail.com және «АНТАЛ» ЖШС. Тел/факс: 8 (727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ескертулер мен ұсыныстар 3 жұмыс күнінен кешіктірмей Ақпараттық жүйенің ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ Қызылорда облысы, 120003, Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, №1, «Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» КММ, e-mail: Prd@korda.gov.kz. Тел.: 87242 60 532, 605369.

Объявление

ТОО «Turanium», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, уведомляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания.

Наименование проекта: Отчет о возможных воздействиях к РП «Строительство шламонакопителей общим объемом 75000 м3 на ГТП рудника «Хорасан-1» в Жанакорганском районе Кызылординской области».

Территория воздействия: РК, Кызылординская область, Жанакорганский район, селский округ Байкенеже. Координаты участка: 1) 43° 55' 6.77" N, 66° 51' 4.21" E 2) 43° 55' 5.98" N, 66° 51' 9.66" E 3) 43° 55' 1.53" N, 66° 51' 3.41" E 4) 43° 55' 0.44" N, 66° 51' 8.53" E 5) 43° 54' 49.59" N, 66° 51' 4.24" E 6) 43° 54' 49.92" N, 66° 51' 9.12" E 7) 43° 54' 46.18" N, 66° 51' 4.16" E 8) 43° 54' 46.19" N, 66° 51' 8.55" E

Общественные слушания состоятся 23 апреля 2026 года в 15:00 часов по адресу: РК, Кызылординская область, Жанакорганский район, Байкенеженский с.о., с.Байкенеже, ул. К.Сиргебайұлы д.5 дом культуры в с.Байкенеже.

Для участия в общественных слушаниях онлайн в Teams необходимо пройти по ссылке: <https://teams.live.com/join/9316983861239?pv=JFVPH9yh1Q6z4t>

Идентификатор встречи: 931 698 386 123 9. Пароль: AB3R9J.

Регистрация начинается за 30 минут до начала обсуждения. По вопросам подключения обращаться по телефону инициатора намечаемой деятельности.

Инициатор намечаемой деятельности: ТОО «Turanium», 120018, РК, г. Кызылорда, ул.Айтеке би, 52, тел.: +7(7242) 55 11 95, +7(707)-204-83-38, kzylylkum1horasan@gmail.com.

Разработчик: ТОО «АНТАЛ». Адрес: г.Алматы, Бұхар Жырау 33, БЦ «Жеңіс», оф.50, БИН – 920940000013. Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Ознакомиться с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний можно на сайте Информационной системы <https://ndbecology.gov.kz/>, а также сайте КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области» <https://www.gov.kz/memleket/entities/kzylylkum1horasan?lang=ru>.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запросить копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно по адресам: ТОО «Turanium». Контактный тел.: +7(707)-204-83-38, e-mail: kzylylkum1horasan@gmail.com или ТОО «АНТАЛ». Тел/факс: 8(727) 376-33-42, e-mail: office@antal.kz.

Замечания и предложения принимаются не позднее 3-х рабочих дней до проведения общественных слушаний на сайте Информационной системы ndbecology.gov.kz, также по адресу: Кызылординская область, 120003, город Кызылорда, улица Бейбарыс Сұлтан, №1, КГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Кызылординской области», e-mail: Prd@korda.gov.kz. Тел.: 87242605362, 605369.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: sm-jarnama@yandex.kz

19 НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ КҮНІ

Бүгін – Жаңару күні

Наурызнама онкүндігінде тағы бір бөлес – Жаңару күні. Табиғаттың жаңаруы һәм тіршіліктің жаңа кезеңімен қабат келген бұл күні көптеген игілікті іс атқарылады. Көгалдандыру жұмыстары, қоршаған ортаны қорғауда маңызды шара жүреді. Ең бастысы, осы күн жаңа идеялардың жарыққа шығуы мен болашаққа деген ортақ мақсаттың бірігугін бейнелейді.



Аталған күні облыс көлемінде бірқатар шара өтеді. Айталық, Қызылорда қаласындағы саябақтар мен аллеяларда «Таза Қазақстан» ұлттық жобасымен тағылымды жұмыстар қолға алынбақ. Жастар мен қала тұрғындары арасында шаһар тазалығы мен қоғамдағы экологиялық мәдениетті дамытуға арналған мазмұнды акция ұйымдастыру жоспарланған.

Жаңару күні аймақтағы аудандар да белсенді шараларды ұйымдастырады. Мысалы, Қармақшы ауданында «Жасыл желек» ағаш отырғызу, көгалдандыру акциясы жүргізіледі. Сондай-ақ «Руханият орталығында» «Қош келдің, өз Наурыз!» атты кітап көрмесі ашылды.

Ал Жаңақорғанда «Жаңа көшеттер – жаңа идеялар – мемлекет дамуындағы жаңа кезең» ұранымен экологиялық акция өтеді. Акцияға аудан орталығымен бірге барлық ауылдық округтің азаматтары қатысып, тазалыққа үн қоспақ.

Сонымен қатар, Жалағаштағы Оқушылар үйінде «Жаңару дәуірі – жарқын болашақ» атты жас өнерпаздар көрмесі басталады. Мектеп шәкірттері арасындағы робототехника көрсетіліміне жас өнерпаздардың робот жобаларын, жаңа ғылыми ізденістерін көруге мүмкіндік бар. Дәл осындай шара Қазалы

ауданындағы №266 мектеп-лицейінде өтпек. Оған мектеп оқушыларымен қатар студенттер де қатысады.

Арал ауданында ағаш отырғызу акциясынан бөлек, «Ынтымақ – бірлік бұлағы» қойылым-концерті өтеді. Қосымша ұлттық спорт түрлерінен сайыс та ұйымдастырылады. Айта кетейік, аудан орталығында Наурызнама онкүндігіне орай 10 күн үй тігіліп, көпшілікті түрлі шаралармен қамтып отыр. Ал Шиелиде «Наурыз – жаңару мен жаңғырудың бастауы» атты мерекелік кеш өтіп, ауыл көшелерінде көшет отырғызылады.

Қорыта айтсақ, Жаңару күні барша ел тұрғындарын ортақ мақсаттарға жету жолында бірігуді, даму жолында ынтымақта болуға үндейді. Біз үшін Наурызнама онкүндігі, оның ішінде Жаңару уақыты тек қуанышты тойлау емес, өткенді саралап, болашаққа жоспар құру десек, қателеспейміз.

Ержан ҚОЖАС,
«Сыр бойы»

21 НАУРЫЗ – ЫНТЫМАҚ КҮНІ

ЫРЫС АЛДЫ – ЫНТЫМАҚ



Халқымыз ертеден бірлік, ынтымақ мәселесіне ерекше мән беріп, оны өмірдің өзегіне балаған. Оның мән-маңызын «ырыс алды – ынтымақ», «бірлік болмай тірлік болмас», «ынтымақ түбі – игілік» дейтін мақалдар арқылы жеткізген. Осылайша ағайынның ауызбірлігін, ауылдың ынтымағын, елдің тұтастығын басты орынға қойған. Бүгін де мемлекетіміздің өсіп-өркендеуінде халықтың ортақ мақсат-мүдделерін айналасына бірігуі, берекесі мен тағулығы негізгі тірек болып отыр.

Бейбіт өмірдің тұғыры – бірлік. Таулықтың алтын арқауы – өзара түсінік. Береке-бірлігіміздің ұйытқысына айналып, еліміздегі этносаралық достық пен бірліктің үлгісін әлемге танытқан Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылғанына бытыр 30 жыл тояды.

Бүгінде Сыр өңірінде түрлі этнос өкілдері тату-тәтті тіршілік кешуде. Қызылорда облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы – қоғамдық келісімнің темірқазығы. Нақтырақ айтсақ, аймақта 30-дан астам этнос өкілі тұрады. Олардың мәдениеті мен дәстүрін сақтап, дамытуға 11 этномәдени бірлестік ұйымы болып отыр.

Жыл басында Қызылорда қаласында «Достық үйінің» жаңа ғимараты пайдалануға берілді. Заманауи үлгідегі

зәулім ғимарат 3 миллиард 800 миллион теңгеге «Қазатөнеркәсіп» ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамының қолдауымен бой көтерді. Ғимаратта этномәдени бірлестіктердің, облыстық және қалалық ардагерлер кеңесінің, Азаматтық альянс өкілдерінің толық жабдықталған жұмыс кабинеттері орналасқан. Сонымен бірге 200 орындық концерт залы, 50 орындық акт залы, шығармашы жастарға арналған домбыра, ән, би үйірмелері, медиация орталығы, музей және Ассамблея жанындағы ғылыми сарапшылық топтарға арналған кеңістіктер қарастырылған.

«Руханият орталықтары» мен «Қоғамдық келісім» кабинеттері әр ауданның рухани дүниесіне айналған. Бұл – тарихты жаңғырту мен болашақты біріктіру жолындағы алтын көпір.

Біздің басты құндылығымыз – бірлік, асыл мұратымыз – татулық.

– Бақ, қайда барасың?

– Ынтымаққа, – демекші, Сыр өңірі – бүгінде бірліктің, ынтымақтың, ырыстың айнасы. Ынтымағы жарасқан, бірлігі бекем елдің қай кезде де тұғыры биік, абыройы асақ болары сөзсіз.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

КЕШ

АҚЫН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА АРНАЛДЫ

Ө.Тәжібаев атындағы облыстық кітапханада Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Асқар Кіребаевтың туғанына 80 жыл толуына орай «Асқар таудай тұлғалы ақын» атты поэзия кеші өтті. Кешке аймақ қаламгерлері, өнер, руханият өкілдері және жастар қатысты.

Алғашқы болып ардагер журналист, «Сыр медиа» ЖШС ардагерлер кеңесінің төрағасы Кенжеал Ерімбет сөз сөйлеп, Асқар Кіребайұлының ақындығынан бөлек, көптің жүрегінен орын алған кең пейіл мінез, жайдары, жарқын болмысы туралы әңгімеледі.

– Қатар жүрген кезімізде байқағаным, ол кісінің қолына қалам ұстаған жастарға деген қамқорлығы ерекше еді. Қолдап, демең, жол көрсетіп отыратын. Сондай-ақ Сыр бойындағы шығармашылық ортада табиғи талантымен қатар, бірегей бекзат болмысымен танылды. Сол кезеңде ақынның өлеңдерін жарыса жатқа оқитынбыз. Жырларында адамға күш беретін жалын бар, жігер бар. Сондықтан өзі өмірден өтсе де Асқар ақынның артында қалған әдеби мұрасы бүгінгі ұрпаққа рухани азық болары сөзсіз, – деді К.Ерімбет.

Ақын, ардагер журналист Мұхамеджан Нұрханов замандасы Асқар Кіребаевтың ақындық қырына терең тоқталып, шығармашылығы туралы пікір білдірді. Оның ішінде, ақынның эпос, поэзия, драма жанрларын қатар



менгергенін, сондай-ақ қазақ журналистикасында қарымды қолтаңбасын қалдырғанын айрықша атап өтті. Сөзін түйіндей келіп, ойында жатталып қалған ақын өлеңдерін оқып берді. Өңірі, сазгер, «Күрмет» орденінің иегері Индира Елубаева ақын сөзіне жазылған әндерін орындады. Сондай-ақ кітапханашы Аружан Сүгірбай ән орындаса, А.Тыныбаев атындағы №11 мектеп-лицейінің қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Б.Жүбекешова жетекшілік

ететін оқушылар ақын өлеңдерін жатқа оқып, қатысушылардың ықыласына кенелді.

Кеш қонақтары қазақ поэзиясында өзіндік үні бар ақынның өмірі мен шығармашылығы, азамат қасиеті, азаматтық болмысы туралы терең естеліктер айтты. Оқырмандар назарына «Арқалы ақын, абыз азамат» атты кітап көрмесі ұсынылды.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

20 НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ СПОРТ КҮНІ

ТӨЗІМ МЕН ЕПТІЛІКТІҢ ҚАЙНАРЫ

Наурызнама онкүндігі аясында 20 наурыз Ұлттық спорт күні болып бекітілген. Жас ұрпақтың физикалық қабілетін дамытып қана қоймай, рухани тұрғыда толысуына ықпал ететін қазақтың ұлттық спорт түрлері Сыр өңірінде қарқынды дамып келеді.

Облыстық денешынықтыру, спорт және туризм басқармасының мәліметінше, спорттың бұл түрінен 1516 секция қызмет атқарады. Онда 33,5 мыңнан астам адам спортпен жүйелі шұғылданады. Бұл дегеніміз – халықтың 8,9 пайызы. 2018 жылы ашылған ұлттық және ат спорты түрлері бойынша клубта қазіргі күні 640 спортшы қазақ күресі, тоғызқұмалақ, тенге ілу, аударыспақ, асық атуды менгеріп жүр. Клуб теңгерімінде ипподром мен спорт кешені бар. 47 гектар аумақты алып жатқан ипподром 2015 жылы қолданысқа берілді. 2023 жылы «Самұрық Қазына» АҚ-ның қолдауымен әуе конструкциясы негізінде көпфункционалды спорт кешені есігін аяққа ашты.

– Спортшыларымыз ел чемпионаттары мен кубогынан 11 алтын, 10 күміс, 18 қола, Әлем, Азия чемпионаттары мен кубогынан 3 күміс – жалпы саны 39 медаль иеленді. 150 спорт шеберіне үміткер, 1 разрядты 4 спортшы дайындалды. Бұл көрсеткішті жақсарту және жоғары нәтижеге қол жеткізу бағытындағы жұмысты жалғастырамыз, – деді клуб директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Жазирә Каренеева.

Ұлттық ат спорты өңірінде 2007 жылы көкпар және аударыспақпен қатар бастау алды. 2008 жылы Жаңақорған ауданының спорт мектебінде ұлттық ат спорты бөлімі құрылды.

– Қызылорда облысының жастар құрама командасы 2022 жылы ел чемпионатында күміс жүлдені жеңіп алып, 12 шабандоз спорт шебері атанды. 2024 жылы дүниежүзілік Көшпенділер ойынында 6 шабандозымыз ұлттық құрама ойынында өнер көрсетті. Бүгінде көкпардан Сыр елінің намысын 12 спорт шебері, 9 спорт шеберіне үміткер қорғап жүр. Аударыспақ, жамбы ату бойынша жетістіктеріміз де мақтанға тұрарлық. Ел чемпионатында жеңімпаз атанып, ұлттық құрама сапында ел намысын қорғап жүрген мергендерімізге зор ұміт артты. Кенже дамып келе жатқан тенге ілу спортының қарқыны күн санап артып келеді. Алға қойған мақсатымыз айқын, ол – ұлттық ат спортымен қатар салт-дәстүрімізді бүкіл әлемге дәріптеу, – деді Жаңақорған ауданындағы балалар мен жасөспірімдерге арналған №7 мандандырылған олимпиадалық резерв мектебінің директоры, ұлттық ат спорты түрлерінен облыстың аға жаттықтырушысы Сламхан Борнабаев.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Трагедияда кешегі XVIII-XIX ғасырда өмір сүрген қоғам зиялысы, ағартушы, ақын Абай Құнанбайұлының болмысы сомдалған. Айналасындағы әділетсіздіктен, қарама-қайшылықтардан жаны байыз таппаған ақынның басынан кешкен тартысты тағдыры толғандырып, әсіресе, ақын өмірінің соңғы сәттері көрерменді ауыр ойға жетелейді.

Айта кетейік, фестиваль аясында театр өнерінің дамуына серпін беру және шығармашылық ұжымдардың кәсіби тәжірибе алмасуына жағдай жасау басты ұстаным болып отыр. Бұл туралы алдын ала БАҚ өкілдерінің қатысуымен өткен брифингте айтылды.

Баспасөз алаңында сұхбат берген Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма



ШЫҒАРМАШЫЛЫҚТЫҢ ЖАҢА ДЕҢГЕЙІН АЙҚЫНДАЙДЫ

театрының басшысы Мұхтар Ниязов, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Хүсейін Әмір-Темір, өнертану докторы, профессор Бақыт Нұрпейіс, өнертану кандидаты, профессор Зухра Исламбаева, театр сыншылары театршілік фестивалдің өтуі іргелі өнер ұжымының рухани тынысын ашып, ізденісін арттыра түсетінін атап өтті. Сондай-ақ пікір айтушылар бағдарламада ұсынылып отырған мистикалық триллер, трагедия, буффонада ертегі, психологиялық және деректі драмалар, моноспектакль, қуыршақ театры сынды түрлі жанрдағы қойылымдарды тамашалау арқылы көрермен айрықша шығармашылық атмосфераны сезінетініне сенім білдірді.

Режиссер Хүсейін Әмір-Темірдің айтуынша, Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театрында театршілік фестиваль бірінші рет ұйымдастырылып отыр. – Театр жанындағы көркемдік кенестің ұйғарымымен фестиваль бағдарламасында түрлі жанрдағы тоғыз спектакль көрермен назарына ұсынылады. Әр спектакльден кейін талдау жасалып, артық-кем тұсы сарапталып, актерлерге бағыт-бағдар беріледі. Ол үшін Алматы қаласындағы Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясынан театр сыншылары шақырылды. Бір сөзбен айтқанда, бұл фестиваль театрдың шығармашылық деңгейін көтеру арқылы жаңа ізденістерге жол ашып, бәсекелестікті арттырады, – дейді ол.

Өнертану докторы, профессор Бақыт Нұрпейіс театршілік фестиваль өткізу тәжірибесі алғаш рет М.Өуезов атындағы қазақ драма театрынан бастау алғанын, қазір де еліміздің бірқатар театрында ұйымдастырылып, соған сәйкес нәтижелі жұмыстар атқарылып келе жатқанына тоқталды.

Ел өнерін алыс-жақын шетелдерге таны-

1-бет.

тып жүрген Н.Бекежанов атындағы қазақ академиялық музыкалық-драма театры да осындай театршілік талдаулар арқылы шығармашылық ұжымның деңгейін көтеріп, актерлердің ізденісіне зор мүмкіндік беретінін айтты.

– Бұл театрды бұрыннан жақсы білеміз. Осыған дейін де премьераларға келіп, қатысып жүрміз. Бүгінде өтіп жатқан театршілік фестивальде әртүрлі жанрдағы пьесалар қамтылған екен. Осының өзі шығармашылық ортада ізденістің бар екенін, театр жұмысы дұрыс жолға қойылғанын аңғартады. Дегенмен бағдарламадағы спектакльдерді көріп болған соң, лайықты баға беріледі, – дейді театр сыншысы, Т.Жүргенов атындағы Өнер академиясының профессоры Зухра Исламбаева.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, фестиваль барысында, яғни, 16-20 наурыз аралығында Э.Распеннің «Мюнхгаузениң әлемі» буффонада ертегісі, А.Елгезектің «Болмаған балалық шақ» драмасы, Х.К.Андерсеннің «Ұсқынсыз үйрек» қуыршақ қойылымы, А.Володиннің «Кездесу мен қоштасу» психологиялық драмасы, сонымен қатар А.Ахметтің «Шыр-мауық» моноспектаклі мен М.Омарованың «Шанель №5» деректі драмасы көрермен назарына ұсынылады. Фестиваль 20 наурыз күні Д.Исабековтің «Құстар фестивалі» музыкалық қойылыммен қорытындыланады.

Фестивальді ұйымдастырушылар «Nartai Theatre Fest – 2026» театр өнерінің шығармашылық әлеуетін танытып, көрермен мен сахна арасындағы рухани байланысты нығайтатын мәдени алаң ретінде актерлердің жаңа қырын ашуға оң ықпал ететініне сенімді.

Ғазиза ӘБІЛДА,
«Сыр бойы»

Ғазетіміздің келесі саны жексенбі, 22 наурыз күні шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/

https://twitter.com/syrboyi

www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015)

«Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымыз газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптаның сейсенбі, бейсенбі, сенбі (сенбілік екі нөмір) күндері шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.